Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2005 жылға төлемақы мөлшерлемесін белгілеу туралы

*Күшін жойған*

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 наурыздағы N 8/10 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 31 наурызда N 2958 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.*

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 462 бабына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаны ластағаны үшін 2005 жылға төлемақы мөлшерлемесі бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы Б. Әділханов*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*

2005 жылғы наурыздың 4-інен
Павлодар облыстық мәслихатының
X сессиясының "Павлодар облысы
бойынша 2005 жылға қоршаған
ортаны ластаған үшін төлемақылардың
мөлшерлемелерін бекіту туралы"
N 8/10 шешіміне
1 қосымша

**Қоршаған ортаны ластаған үшін және табиғатты қорғау заңнамасын бұзған үшін төлемақылардың мөлшерлемелері**

| Т/б N № | Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | Улылығы класы | Мөлшерлеме, (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Атмосфераға ластандыру заттардың шығарындылары: | | | 210 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1) жылуэлектр энергиясын өндіретін, көмір өндіретін кәсіпорындардан, "Евразийский банк" АҚ-нан басқа<br>2) "Евроазиатская энергетическая корпорация" АҚ (станса)<br>3) "AES-Екібастұз" ЖШС, "ГРЭС-2 стансасы" ААҚ | шартты түрде тонна *) | | 63<br>26<br>100 |
| 2. | Көліктерден атмосфераға ластандыру заттардың шығындылары:<br>-этилденген бензин<br>-этилденбеген бензин<br>-дизельдік жанармай<br>-сұйықталған мұнайгаз<br>-қысылған табиғи газ<br>-көмір | тонна (жанармай) | | 524<br>315<br>420<br>210<br>157<br>130 |
| 3 | Ертіс өзені алабына ластанған заттардың төгіндісі,<br>1) тұрғындардан ағындылар қабылдайтын қала су өстендерден басқа | Шартты түрде тонна | | 15682<br>5180 |
| 4. | Тоған-буландырғыштарға, су жинақтауыштарға және басқа су объектілеріне ластайтын заттардың төгінділері | шартты түрде тонна *) | | 17413 |
| 5. | Сүзілу аумағына, жергілікті рельефтерге шаруашылық-тұрғындық ағындыларының және т.б.**) төгінділері | $м^3$ | | 13,6 |
| 6. | Ведомстволық жинақтауыштарда ірі тонна қалдықтарды орналастыру:<br>-күл және күлқалдықтары "Евроазиатская энергетическая корпорация"АҚ-дан басқа:<br>-аршыма тау жыныстары<br>-глинозем шламдары<br>-феррақұрамдар қалдықтары мен шламдары<br>-бояу қалдықтары | тонна<br>тонна<br>$м^3$<br>тонна<br>тонна<br>$м^3$ | IV<br>IV<br>IV-V<br>IV<br>III<br>IV | 42<br>10<br>7<br>16<br>76<br>10 |
| 7. | Жинақтауыштарда орналасатын өндірістік және тұрғындық қалдықтар, қарашірік, (*** жалпы қолданатын қоқыстар үйінділерінде және санкцияланған полигондарда***) | тонна тонна<br>тонна<br>тонна<br>тонна<br>$м^3$ | I<br>II<br>III<br>IV<br>V<br>V | 3840<br>1920<br>480<br>240<br>120<br>24 |

Ескерту:

*) Ластайтын заттардың улығынан тәуелді салыстыратын бірлікке келтірілген нақты көлем. Аса қорғалатын табиғи аумақтарына мөлшерлеме 3 есе көбейтіледі

.

**) Аса қорғалатын табиғи аумақтарына мөлшерлеме 3 есе көбейтіледі .

***) Павлодар, Екібастұз, Ақсу қалаларына мөлшерлемелер 2 есе, ал аса қорғалатын табиғи аумақтарына 6 есе көбейтіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК